

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау  
министрлігіҚазақстан Республикасы  
Денсаулық сақтау министрінің  
2024 жылғы 28 маусымдағы № 38  
бұйрығы. Қазақстан  
Республикасының Әділет  
министрлігінде 2024 жылғы 28  
маусымда № 34654 болып тіркелдіМинистерство здравоохранения Республики  
Казахстан

## Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер енгізу туралы

### БҰЙЫРАМЫН:

1. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің өзгерістер енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрілігінің Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрілігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрілігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрілігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрілігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министріне жүктелсін.



«ЗҚАИ» ШЖҚ РМК лауазымды тұлғаның ЭЦҚ мәліметі бар QR-код



ҚР НҚА ЭББ-гі нақты  
құжатқа сілтеу QR-коды

4. Осы бұйрық оның алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрі**

**А. Альназарова**

«КЕЛІСІЛГЕН»

Қазақстан Республикасының  
Сауда және интеграция министрлігі

«КЕЛІСІЛГЕН»

Қазақстан Республикасының  
Ұлттық экономика министрлігі

«КЕЛІСІЛГЕН»

Қазақстан Республикасының  
Стратегиялық жоспарлау және  
реформалар агенттігі  
Ұлттық статистика бюросы

Қазақстан Республикасы  
Денсаулық сақтау министрі  
2024 жылғы 28 маусымдағы  
№ 38 Бұйрығына қосымша

## Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің өзгерістер енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесі

1. «Темекінің және темекі бұйымдарының, оның ішінде қыздырылатын темекісі бар бұйымдардың, тұтынудың электрондық жүйелерінің және оларға арналған сұйықтықтардың барлық маркаларында никотиннің шекті жол берілетін құрамы бойынша зертханалық зерттеулердің нәтижелері туралы есептерді ұсыну қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 6 қазандағы № ҚР ДСМ-114/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21373 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«Темекінің және темекі бұйымдарының, оның ішінде қыздырылатын темекісі бар бұйымдардың барлық маркаларындағы никотиннің рұқсат етілетін шекті құрамы бойынша зертханалық зерттеулердің нәтижелері туралы есептерді ұсыну қағидаларын бекіту туралы»;

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 110-бабының 13-тармағына және «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:»;

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Қоса беріліп отырған Темекінің және темекі бұйымдарының, оның ішінде қыздырылатын темекісі бар бұйымдардың барлық маркаларындағы никотиннің рұқсат етілетін шекті құрамы бойынша зертханалық зерттеулердің нәтижелері туралы есептерді ұсыну қағидалары бекітілсін.»;

Көрсетілген бұйрықпен бекітілген Темекі мен темекі бұйымдарының барлық маркаларында, оның ішінде қыздырылатын темекісі бар бұйымдарда,

электрондық тұтыну жүйелері мен олар үшін сұйықтықтарда никотиннің шекті жол берілетін құрамы бойынша зертханалық зерттеулер нәтижелері туралы есептерді ұсыну қағидалары осы тізбеге 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. «Темекі бұйымдарын, оның ішінде қыздырылатын темекісі бар бұйымдарды, темекі қыздыруға арналған жүйелерді, тұтынудың электрондық жүйелерін және оларға арналған сұйықтықтарды тұтыну үшін арнайы бөлінген орындарды жабдықтауға қойылатын талаптарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 10 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-246/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21776 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

«Темекі бұйымдарын, оның ішінде қыздырылатын темекісі бар бұйымдарды, темекіні қыздыруға арналған жүйелерді тұтыну үшін арнайы бөлінген орындарды жабдықтауға қойылатын талаптарды бекіту туралы»;

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

««Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 110-бабының 7-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:»;

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Қоса беріліп отырған Темекі бұйымдарын, оның ішінде қыздырылатын темекісі бар бұйымдарды, темекі қыздыруға арналған жүйелерді тұтыну үшін арнайы бөлінген орындарды жабдықтауға қойылатын талаптар бекітілсін.»;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Темекі бұйымдарын, оның ішінде қыздырылатын темекісі бар бұйымдарды, темекі қыздыруға арналған жүйелерді, тұтынудың электрондық жүйелерін және оларға арналған сұйықтықтарды тұтыну үшін арнайы бөлінген орындарды жабдықтауға қойылатын талаптарда:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

«Темекі бұйымдарын, оның ішінде қыздырылатын темекісі бар бұйымдарды, темекі қыздыруға арналған жүйелерді тұтыну үшін арнайы бөлінген орындарды жабдықтауға қойылатын талаптар»;

1 және 2-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Осы Темекі бұйымдарын, оның ішінде қыздырылатын темекісі бар бұйымдарды, темекі қыздыруға арналған жүйелерді тұтыну үшін арнайы бөлінген орындарды жабдықтауға қойылатын талаптар «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 110-бабының 7-тармағына сәйкес әзірленді.

2. Темекі бұйымдарын, оның ішінде қыздырылатын темекісі бар бұйымдарды, темекіні қыздыруға арналған жүйелерді тұтыну үшін арнайы бөлінген орындарды (бұдан әрі – темекі бұйымдарын тұтыну үшін арнайы бөлінген орындар) темекі бұйымдарын тұтыну процесінде бөлінетін ластанудың көрші үй-жайларға енуіне кедергі келтіретін есікпен немесе осыған ұқсас құрылғымен жабдықталған жеке үй-жайларда орналастырады.

Темекі бұйымдарын тұтыну үшін арнайы бөлінген орындарды кабиналар түрінде орналастыруға жол беріледі.»;

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«8. Темекі бұйымдарын тұтыну үшін арнайы бөлінген орындарда көрінетін жерлерде жазбалар және (немесе) пиктограммалар түрінде темекі бұйымдарын тұтынудың зияны туралы, сусындар, тамақты, қорқорға арналған темекіні және қорқор қоспасын тұтынуға тыйым салынатыны туралы ақпарат орналастырылады, темекі бұйымдарын, оның ішінде қыздырылатын темекісі бар бұйымдарды, темекі қыздыруға арналған жүйелерді тұтынудың зияны туралы ақпараттық материал ұсынылады.».

3. «Шегілетін темекі бұйымдары, оның ішінде қыздырылатын темекісі, қорқорға арналған темекісі бар бұйымдар, қорқор қоспасы, темекіні қыздыруға арналған жүйе, тұтынудың электрондық жүйелері мен оларға арналған сұйықтықтар құрамындағы никотин мен шайырлы заттардың рұқсат етілетін шекті деңгейлерін анықтау туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 15 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-277/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілері мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21815 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

бұйрықтың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«Шегілетін темекі бұйымдары, оның ішінде қыздырылатын темекісі, қорқорға арналған темекісі бар бұйымдар, қорқор қоспасы, темекіні қыздыруға арналған жүйе құрамындағы никотин мен шайырлы заттардың рұқсат етілетін шекті деңгейлерін анықтау туралы»;

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

««Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 110-бабының 8-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:»;

1-тармақтың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«3) осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес қыздырылатын темекісі бар бұйымдардағы, темекіні қыздыруға арналған жүйедегі никотин мен шайырлы заттар құрамының рұқсат етілетін шекті деңгейлері анықталсын.»;

көрсетілген бұйрықпен айқындалған Қыздырылатын темекісі бар бұйымдардағы, темекіні қыздыруға арналған жүйедегі, тұтынудың электрондық жүйелері мен оларға арналған сұйықтықтардағы никотин мен шайырлы заттар құрамының рұқсат етілетін шекті деңгейлері осы тізбеге 2-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

4. «Өндірістік мақсаттағы ғимараттарға және құрылыстарға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 3 тамыздағы № ҚР ДСМ-72 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23852 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген «Өндірістік мақсаттағы ғимараттарға және құрылыстарға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы» санитариялық қағидаларында:

106-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«106. Темекі шегуге арналған орындар «Темекі бұйымдарын, оның ішінде қыздырылатын темекісі бар бұйымдарды, темекіні қыздыруға арналған жүйелерді тұтыну үшін арнайы бөлінген орындарды жабдықтауға қойылатын талаптарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 10 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-246/2020 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21776 болып

тіркелген) темекі бұйымдарын, оның ішінде қыздырылатын темекісі бар бұйымдарды, темекі қыздыруға арналған жүйелерді тұтыну үшін арнайы бөлінген орындарды жабдықтауға қойылатын талаптарға сәйкес жабдыкталады.».

5. «Қоғамдық тамақтану объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 17 ақпандағы № ҚР ДСМ-16 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілері мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 26866 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 17 ақпандағы № 71 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 113) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:»;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген «Қоғамдық тамақтану объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы» санитариялық қағидаларында:

16-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«16. Тамақтану объектілерінде Кодекстің 110-бабы 7-тармағының, «Темекі бұйымдарын, оның ішінде қыздырылатын темекісі бар бұйымдарды, темекіні қыздыруға арналған жүйелерді тұтыну үшін арнайы бөлінген орындарды жабдықтауға қойылатын талаптарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 10 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-246 /2020 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21776 болып тіркелген) және сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтердің талаптарына сәйкес темекі бұйымдарын, оның ішінде қыздырылатын темекісі бар бұйымдарды, темекі қыздыруға арналған жүйелерді тұтыну үшін жабдықталған арнайы бөлінген орындар көзделеді.».

Тізбеге 1-қосымша  
Қазақстан Республикасы  
Денсаулық сақтау министрінің  
2020 жылғы 6 қазандағы  
№ ҚР ДСМ-114/2020 бұйрығымен  
бекітілген

**Темекінің және темекі бұйымдарының, оның ішінде қыздырылатын темекісі бар бұйымдардың барлық маркаларындағы никотиннің рұқсат етілетін шекті құрамы бойынша зертханалық зерттеулердің нәтижелері туралы есептерді ұсыну қағидалары**

1. Осы Темекінің және темекі бұйымдарының, оның ішінде қыздырылатын темекісі бар бұйымдардың барлық маркаларындағы никотиннің рұқсат етілетін шекті құрамы бойынша зертханалық зерттеулердің нәтижелері туралы есептерді ұсыну қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) темекі және темекі бұйымдарын өндірушілердің, импорттаушылардың темекі және темекі бұйымдарының, оның ішінде қыздырылатын темекісі бар бұйымдардың барлық маркаларындағығы никотиннің шекті жол берілетін құрамы бойынша зертханалық зерттеулердің нәтижелері туралы есептерді ұсыну тәртібін айқындайды.

2. Темекі бұйымдарын өндіруші, импорттаушы жыл сайын келесі жылдың 1 ақпанына дейін Қазақстан Республикасының аумағында өткен он екі ай ішінде өздері шығарған немесе шығаруға ниеттенген, сатқан немесе өзге де түрде таратқан темекінің және темекі бұйымдарының, оның ішінде қыздырылатын темекісі бар бұйымдардың барлық маркаларындағы никотиннің рұқсат етілетін шекті құрамы бойынша зертханалық зерттеулердің нәтижелері туралы есептер ұсынады.

3. Темекінің және темекі бұйымдарының, оның ішінде қыздырылатын темекісі бар бұйымдардың барлық маркаларындағы никотиннің рұқсат етілетін шекті құрамы бойынша зертханалық зерттеулердің нәтижелері туралы есептер «Сәйкестікті бағалау саласындағы аккредиттеу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес аккредиттелген зертхананы көрсете отырып, темекінің және темекі бұйымдарының, оның ішінде қыздырылатын темекісі бар бұйымдардың барлық маркаларындағығы никотиннің анықталған құрамы және никотиннің шекті жол берілетін деңгейі туралы деректерден тұрады.



---

4. Темекінің және темекі бұйымдарының, оның ішінде қыздырылатын темекісі бар бұйымдардың барлық маркаларындағы никотиннің рұқсат етілетін шекті құрамы бойынша зертханалық зерттеулердің нәтижелері туралы есептер осы Қағидаларға қосымшаға сәйкес қағаз және (немесе) электрондық тасығыштарда ұсынылады.

Темекінің және темекі бұйымдарының, оның  
ішінде қыздырылатын темекісі бар  
бұйымдардың барлық маркаларында никотиннің  
шекті жол берілетін құрамы бойынша  
зертханалық зерттеулердің нәтижелері туралы  
есептерді ұсыну қағидаларына  
қосымша

Әкімшілік деректерді  
жинауға арналған нысан

Ұсынылады: Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігіне  
Әкімшілік деректердің нысаны интернет - ресурста орналастырылған: [www.gov.kz](http://www.gov.kz)

Әкімшілік дереккөздер нысанының атауы: «Темекінің және темекі  
бұйымдарының, оның ішінде қыздырылатын темекісі бар бұйымдардың барлық  
маркаларындағы никотиннің рұқсат етілетін шекті құрамы бойынша зертханалық  
зерттеулердің нәтижелері туралы есеп»

Әкімшілік дереккөздер нысанының индексі: 1-никотин

Кезеңділік: жылдық

Есепті кезең: \_\_\_\_\_ 20\_\_\_\_ жыл

Ақпаратты ұсынатын тұлғалар тобы: темекінің және темекі бұйымдарының,  
оның ішінде қыздырылатын темекісі бар бұйымдарды өндірушілер және  
импорттаушылар

Әкімшілік деректер нысанын ұсыну мерзімі: әр жылдың 1 ақпанына дейін

Темекінің және темекі бұйымдарының, оның ішінде қыздырылатын темекісі  
бар бұйымдардың барлық маркаларындағы никотиннің рұқсат етілетін шекті  
құрамы

р/с №	Темекі бұйымы түрінің атауы	Темекі өнімінің атауы	Никотиннің сандық құрамы (мг/сиг)	Никотиннің рұқсат етілетін шекті дең- гейі (мг/сиг)
1	2	3	4	5

Ескертпе: мг/сиг- миллиграмм/ сигаретке

Атауы \_\_\_\_\_ Мекенжайы \_\_\_\_\_

Телефоны \_\_\_\_\_

Электрондық почта мекенжайы \_\_\_\_\_

Орындаушы \_\_\_\_\_

тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда)

қолы, телефон

Басшы немесе оның міндетін атқарушы адам

тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда)

қолы

Мөрдiң орны (жеке кәсiпкерлер субъектiлерi болып табылатын адамдарды қоспағанда)

«Темекiнiң және темекi бұйымдарының, оның  
iшiнде қыздырылатын темекiсi бар  
бұйымдардың барлық маркаларындағы  
никотиннiң рұқсат етiлетiн шектi құрамы  
бойынша зертханалық зерттеулердiң нәтижелерi  
туралы есеп»  
әкiмшiлiк деректерiн жинауға  
арналған нысанға қосымша

**Әкiмшiлiк деректер нысанын толтыру жөнiндегi түсiндiрме «Темекiнiң және  
темекi бұйымдарының, оның iшiнде қыздырылатын темекiсi бар  
бұйымдардың барлық маркаларындағы никотиннiң рұқсат етiлетiн шектi  
құрамы бойынша зертханалық зерттеулердiң нәтижелерi туралы есеп»  
(нысанның индексi: 1 - никотин және кезеңдiлiгi: жылдық)**

## 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы «Темекiнiң және темекi бұйымдарының, оның iшiнде қыздырылатын темекiсi бар бұйымдардың барлық маркаларындағы никотиннiң рұқсат етiлетiн шектi құрамы бойынша зертханалық зерттеулердiң нәтижелерi туралы есеп» әкiмшiлiк деректердi жинауға арналған нысанды толтыру жөнiндегi түсiндiрме «Темекiнiң және темекi бұйымдарының, оның iшiнде қыздырылатын темекiсi бар бұйымдардың барлық маркаларындағы никотиннiң рұқсат етiлетiн шектi құрамы

бойынша зертханалық зерттеулердің нәтижелері туралы есеп» әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды (бұдан әрі – Нысан) толтыру тәртібін регламенттейді.

2. Нысанды темекінің және темекі бұйымдарының, оның ішінде қыздырылатын темекісі бар бұйымдардың өндірушілері мен импорттаушылары толтырады.

3. Толтырылған Нысанды темекі бұйымдарын өндірушілер мен импорттаушылар Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігіне есепті жылдан кейінгі жылдың 1 ақпанына дейін ұсынады.

4. Нысанға басшы немесе оның міндетін атқарушы адам өзінің тегін және аты-жөнін, сондай-ақ толтыру күнін көрсете отырып қол қояды.

5. Нысан қазақ және орыс тілдерінде толтырылады.

6. Әкімшілік деректер нысанында пайдаланылатын терминдер мен анықтамалар:

- 1) никотин – темекі жапырақтары мен темекі түтінінде болатын алкалоид;
- 2) никотиннің шекті рұқсат етілген деңгейі – бір сигареттің түтініндегі никотиннің мөлшері (сүзгісі бар немесе сүзгісі жоқ) 1,0 мг/сиг аспауы тиіс;
- 3) сигарет – сигарет қағазымен оралған кесілген шикізаттан тұратын шегілетін темекі бұйымының түрі;
- 4) темекі бұйымы – шегу үшін пайдаланатындай етіп дайындалған шикізат ретінде темекі жапырағынан және (немесе) темекі өсімдігінің басқа да бөліктерінен толық немесе ішінара жасалған өнімдер;
- 5) темекі бұйымының түрі – тұтыну қасиеттері мен тұтыну тәсілі бойынша ұқсас шегілетін немесе шегілмейтін темекі бұйымдарының жиынтығы.

## **2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсініктеме**

- 1) 1-бағанда «№» реттік нөмірі бойынша толтырылады;
- 2) 2-бағанда темекі бұйымы түрінің атауы (мысалы: сигареттер) көрсетіледі;

---

3) 3-бағанда темекі бұйымының берілген атауы (мысалы: «Rothmans») көрсетіледі;

4) 4-бағанда темекі бұйымындағы никотиннің сандық құрамы (мг/сиг) көрсетіледі;

5) 5-бағанда никотиннің рұқсат етілетін шекті деңгейі (мг/сиг) көрсетіледі.

## Тізбеге 2-қосымша

Қазақстан Республикасы  
Денсаулық сақтау министрінің  
2020 жылғы 15 желтоқсандағы  
№ ҚР ДСМ-277/2020  
бұйрығына 3-қосымша

**Қыздырылатын темекісі бар бұйымдардағы, темекіні қыздыруға арналған  
жүйедегі никотин мен шайырлы заттар құрамының рұқсат етілетін шекті  
деңгейлері**

Бұйымдардың түрлері	Никотин құрамының рұқсат етілетін шекті деңгейі мг/см <sup>3</sup>	Шайырлы заттар құрамының рұқсат етілетін шекті деңгейі мг/см <sup>3</sup>
Қыздырылатын темекісі бар бұйымдар	1,0*	10*
Темекіні қыздыруға арналған жүйе	1,0*	10*

\* – көрсеткіш мәні анықтаудың көрсетілген әдісінің метрологиялық сипаттамаларын және қолда бар ғылыми деректерді есепке ала отырып, тиісті анықтау әдісін айқындайтын стандарт қолданысқа енгізілгеннен кейін айқындалады.

Ескертпе: мг/см<sup>3</sup>- миллиграмм/текше сантиметр.